

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ғылыми кеңесінің
2025 жылғы 25 желтоқсандағы
ҚАУЛЫСЫ

Стратегиялық даму орталығының директоры **Жандос Байжұма Ескендірұлының** «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық QS WUR рейтингісінде алға жылжуы туралы»; Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры **Махмут Мұратұлы Тomanовтың** «Университеттің ақпараттық технологиялық инфрақұрылымы және цифрландырудың жай-күйі мен даму болашағы туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Стратегиялық даму орталығының директоры **Жандос Байжұма Ескендірұлының**, Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры **Махмут Мұратұлы Тomanовтың** баяндамалары назарға алынсын.

- «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық QS WUR рейтингісінде алға жылжуы туралы» баяндамасы бойынша:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	• QS WUR рейтингісінде көтерілу мақсатында халықаралық серіктестермен тұрақты байланыс орнатылсын және жаңа серіктестер тартылсын; • жарияланым қызметі жоспарланып, бақылансын және ғылыми мақалалардың дәйексөздер саны арттырылсын; • QS академиялық сауалнамасындағы кемінде 50 академиялық сарапшының және жұмыс берушінің беделін сауалнамадағы кемінде 50 жұмыс берушінің ҚазҰУ үшін дауыс беруі қамтамасыз етілсін.	Факультет декандары	16.02.2026
2	• университеттің басшылығының QS/Times Higher Education ұйымдастырған іс-шараларға қатысуы қамтамасыз етілсін; • ҚазҰУ-дың тұрақты дамуы үшін халықаралық деңгейде танылған қауымдастықтардың біріне кіруі ұйымдастырылсын.	Өміржанов Е.Т. Байжұма Ж.Е.	30.04.2026
3	• Университеттің халықаралық деңгейде танылуын автоматтандыру және арттыру	Ибраимов М.Қ.	30.06.2026

	үшін Elsevier Pure ғылымды басқару жүйесі енгізілсін.		
--	---	--	--

- «Университеттің ақпараттық технологиялық инфрақұрылымы және цифрландырудың жай-күйі мен даму болашағы туралы» баяндамасы бойынша:

1	Департамент, факультеттер суперкомпьютерді тиімді пайдалансын, суперкомпьютер арқылы қолданбалы мақсаттағы ауқымды жобалар жүзеге асырылсын.	Томанов М.М. Темірбаев А.А.	25.02.2026
2	Интернет, Wi-Fi, қосалқы оператор, Интернеттің төмен жылдамдығы мәселелері шұғыл шешілсін.	Томанов М.М.	31.01.2026
3	«Фараби цифрлық экожүйесі – 2026-2028» цифрландыру стратегиясы университеттің басым бағдарламасы ретінде бекітілсін.	Томанов М.М.	31.01.2026
4	Бағдарламаны іске асырудың мерзімі, бюджеті және жауапты тұлғалары нақты көрсетілген егжей-тегжейлі жол картасы әзірленсін.	Томанов М.М.	31.01.2026
5	Қаржыландыруға ұсынылған университеттің стратегиялық бастамаларының тізіміне <i>Smart Campus</i> және <i>Call Center</i> жобалары қосылсын.	Томанов М.М. Макашова А.Ж.	31.01.2026

Ғылыми кеңес төрағасы



Ж.Қ. Түймебаев

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы



М.Қ. Мәмбетова